

"2011 - 2013 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Талас аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 39-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы N 49-17 Шешімі. Жамбыл облысы Талас ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 27 желтоқсанда № 6-10-126 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Жамбыл облыстық Әділет департаментінің 2013 жылғы 11 наурыздағы N 2-2-17/388 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Жамбыл облыстық Әділет департаментінің 11.03.2013 № 2-2-17/388 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабының 2-тармағының 4-тармақшасына, 109-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес және «2011–2013 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Жамбыл облыстық мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 30–3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Жамбыл облыстық мәслихатының 2011 жылғы 14 желтоқсандағы № 42 – 2 шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1800 болып тіркелген) негізінде, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** :

1. «2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Талас аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 39–3 шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6–10–115 болып тіркелген , 2011 жылғы 22 қаңтардағы № 9 – 10 «Талас тынысы» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасында:
1 «КІРІСТЕР» бөлімінде:

1 «САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР» санатында:

04 «Меншікке салынатын салықтар» сыныбында «267405» сандары «279 374» сандарымен ауыстырылсын;

1 «Мүлікке салынатын салықтар» ішкі сыныбында «227 500» сандары «

239765» сандарымен ауыстырылсын;

3 «Жер салығы» ішкі сыныбында «10 835» сандары «11 535» сандарымен ауыстырылсын;

4 «Көлік құралдарына салынатын салық» ішкі сыныбында «26 973» сандары «25 977» сандарымен ауыстырылсын;

05 «Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар» сыныбында «70 126» сандары «58 253» сандарымен ауыстырылсын;

2 «Акциздер» ішкі сыныбында «60297» сандары «46 588» сандарымен ауыстырылсын;

3 «Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер» ішкі сыныбында «7 424» сандары «9 230» сандарымен ауыстырылсын;

4 «Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар» ішкі сыныбында «2 183» сандары «2 129» сандарымен ауыстырылсын;

5 «Ойын бизнесіне салық» ішкі сыныбында «222» сандары «306» сандарымен ауыстырылсын;

08 «Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер» сыныбында «4 141» сандары «4 045» сандарымен ауыстырылсын;

1 «Мемлекеттік баж» ішкі сыныбында «4 141» сандары «4 045» сандарымен ауыстырылсын;

2 «Шығындар» бөлімінде:

10 «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» функционалдық тобында «159 097» сандары «158 982» сандарымен ауыстырылсын;

454 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша «4745» сандары «4630» сандарымен ауыстырылсын;

099 «Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру» бағдарлама бойынша «4745» сандары «4630» сандарымен ауыстырылсын;

15 «Трансферттер» функционалдық тобында «15 409» сандары «15 524» сандарымен ауыстырылсын;

452 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша «15 409» сандары «15 524» сандарымен ауыстырылсын;

006 «Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді

қайтару» бағдарлама бойынша «4745» сандары «4630» сандарымен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы шешімнің орындалуын іске асыруды аудан әкімінің орынбасары Ғ.Қартабаевқа жүктелсін, шешімнің бақылау жасау аудандық мәслихаттың аудандық әлеуметтік – экономикалық даму, бюджет, жергілікті салық және қала шаруашылығы жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы З.Сабыровқа ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

З.Сабыров

Ж.Әсемов

Мәслихат хатшысы